«ШЕТПЕ АУЫЛЫ
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«АППАРАТ АКИМА
СЕЛА ШЕТПЕ»

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

21. 04. 2025ж № 33

Шетпе ауылы село Шетпе

Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан дәйексөз «Әділ мемлекет. Бір ұлт. Өркендеген қоғам», 1 тарау Жаңа экономикалық саясат: - «Бізге мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. **Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдық болуы керек»**.

2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірибе сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процесстері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 5 бабы 1 тармағының 1 тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны,

оның ішінде **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын** қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде **мемлекеттік сатып алу бойынша үйрету** қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды.

Ауыл әкімі **А.Шамгулов**

«ШЕТПЕ АУЫЛЫ
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«АППАРАТ АКИМА
СЕЛА ШЕТПЕ»

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

21.04.2025 ж № 34

Шетпе ауылы село Шетпе

**Бір көзден сатып алу тәсілімен
қызмет көрсету үшін
мемлекеттік сатып алу жұмыстарын
жүзеге асыру туралы**

"Мемлекеттік сатып алу туралы" 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - заң) 16-бабына сәйкес:

1. Мемлекеттік мекемелер үшін Заңның 16 - баптың 3-тармағының 28-тармақшасы негізінде Жәрмеңке алаңына метал конструкцияларды жасау жұмысын сатып алу бойынша шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.
2. Мемлекеттік мекемелер үшін Заңның 16 - баптың 3-тармағының 28-тармақшасы негізінде Маңғыстау ауданы Шетпе ауылына Ауған соғыс ардагерлеріне арналған (Мемориалды монумент) жұмысын сатып алу бойынша шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалсын.
3. Осы өкімнің тиісті түрде орындалуын өзіме қалдырамын.
4. Осы өкім оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Ауыл әкімі **А.Шамгулов**

«ШЕТПЕ АУЫЛЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ * КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫ * БСН 990710 000231

000371